Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

31 тамыз сейсенбі
№69 (1771)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

«БІР ҚАЗАҚ ЖЫЛАСА, БАР ҚАЗАҚ БІРІГІП КӨТЕРГЕН ҚАЙҒЫНЫ»

Мақаламызға ақын Бауыржан Жақыптың Қазақ еліне көңіл айтқан зарлы жырын тақырып етіп отырмыз. Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы әскери бөлімде болған жарылыстың салдары аз зардабын тигізген жоқ. Оқиға орнындағы соңғы деректер бойынша қаза тапқандар саны 14 адамға жетіп, әлі із-түссіз жоғалып кеткен 2 адам бар екен. Қазір ол жақта жарылыстың салдарын жою және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жұмыстары жүріп жатыр.

Қазіргі кезде болған жағдайға байланысты ауданда жедел штаб құрылған. Олардың барлығы апаттан зардап шеккен 3 елді мекендегі тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың ахуалын зерделеумен айналысып жатыр екен. Облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың мәліметінше, әзірге жөндеуді қажет ететін 118 жылжымайтын мүлік анықталған. Оның 106-сы тұрғын үй болса, қалған 12-сі коммерциялық нысан. Жөндеу қажет деп танылған 106 үйдің 35-і күрделі жөндеуді керек етеді екен.

2 БЕТТЕ

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТЕҢДЕССІЗ ЖЕҢІСІ

Қызылордада Семей ядролық полигоны жабылуының 30 жылдығына орай облыстық ғылыми-танымдық конференция өтті. «Семей полигонының жабылуы – Тәуелсіздіктің теңдессіз жеңісі» тақырыбымен ұйымдастырылған конференцияда сынақ алаңының жабылуына қатысты тарихи деректер талқыланып, полигонда әскери борышын өтеген ардагерлер көзбен көрген оқиғаларымен бөлісті. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесімен қатар келген бұл күн біздің еліміз үшін ғана емес, әлем елдері үшін де маңызды екені айтылды.

Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова, облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыстық «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Әбіш пен бірлестік мүшелері, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының ғалымдары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, облыстық этномәдени бірлестіктер мен жастар ұйымының жетекшілері және қала мен аудандардағы зиялы қауым өкілдері бейнебайланыс арқылы қатысты.

2 БЕТТЕ

БҮГІНГІ САНДА:

БЕЙІМБЕТТІҢ БИІГІ
2

БІЗ БІЛМЕЙТІН БЕСІКТӨБЕ
4

Құрметті оқырман!

Назарларыңызға ұсынылып отырған «Қорқыт өмірде болған ба?» атты мақаланың дені «Қазақ әдебиеті» (20.08.2021, №34) газетінен көшіріліп отыр. «Қазақ әдебиеті» газетінде қысқартылып берілсе, біз автор мақаласын толық күйінде жариялауға тырыстық. Мұнда еңбектері алыс-жақын шетел басылымдарында жарық көріп, Париждегі Интернационалдық жазушылар одағының «Святая Анна» орденімен марапатталған жерлесіміз Тынысбек Қоңыратбай Қорқыттың әдеби-музыкалық мұрасы туралы толғамды пікірлер сабақтаған.

Редакциядан.

СПОРТ

ПАРАЛИМПИАДА:
Төрт күнде төрт медаль

24 тамызда шымылдығы түрілген Токио Паралимпиадасы Қазақстан үшін жемісті де жеңісті өтуде. Бабы мен бағы сай келген спортшыларымыз жеңістің төрінен табылып, көк туымызды желбіретіп жатыр. Жарыстың төртінші күнінде-ақ ел құрамасының қоржынындағы медаль саны төртке жетті.

Бұл байрақты бәсекеде ұлттық құраманың пара дзюдошылары сәтті өнер көрсетуде. Бүгінге дейін парадзюдошылар Әнуар Сариев, Теміржан Дәулет пен Зарина Байбатина жарыстағы жүлделерін алып үлгерді. Одан бөлек парапауэрлифтингтен сынға түскен Давид Дегтярев жарыстың алғашқы күнінде алтын медаль иеленіп, олимпиададан кейін еңсесі түскен Қазақ елін бір марқайтып алған еді.

Мәселен, парадзюдошы Теміржан Дәулет 73 келі салмақта сынға түсті. Ол финалда өзбекстандық Феруз Саидовпен шеберлік байқасты. Бәсеке барысында Теміржан қарсыласының осал тұсын табуға тырысты. Алайда қарсыласына иппон әдісімен жол беріп қойды. Бұған дейін қазақ палуаны жартылай финалда грузиялық Георгий Калданиден айласын асырып, қарсыласын иппонмен жеңген еді. Осылайша ол ұлттық құрамаға паралимпиаданың тағы бір жүлдесін, күміс медальды алып келді.

Токио төрінде Қазақстанның туын желбіреткен спортшылар қатарында Зарина Байбатина да бар. Ол алғашқы кезеңде таза жеңіспен моңғол палуаны Ньямааны жеңген болатын. Ал жартылай финалда оның жұлдызы жанып, соңғы жылдары әлемдік рейтингте көш бастап тұрған Италия спортшысы Каролина Костаның осал тұсын тапты.

Мамыр айында Бакуде өткен Гран-при жарысында Зарина Байбатина италиялық пара дзюдошымен сынға түсіп, аяғынан жарақат алып қалған болатын. Осы себептен ұлттық құрама бапкерлері Каролинаға қарсы жеке тактика ойлап тапқан. Екі спортшы да оң аяқпен көп жұмыс жасайтын болғандықтан, біздің бапкерлер Заринаны сол аяққа икемдеген. Осылайша бұл өз жемісін беріп, Зарина Италия палуанын тізе бүктірді.

Ал финалдық кезеңде ол Әзірбайжан елінің намысын қорғаған Дурсадаф Каримовамен кездесті. Бұған дейін олар үш рет кездесіп, барлығында қазақ дзюдошысы Зарина Байбатина жеңіске жеткен. Алайда Токиода өткен тартысты бәсекеде әзірбайжандық палуанның асығы алшысынан түсіп, алтын медальды иемденіп кетті. Ал Зарина Байбатина кезекті күміс медальды жеңіп алды және қазақ спорты тарихында паралимпиадада парадзюдодан жүлде иемденген алғаш қазақ аруы атанды.

**Аслан
НҰРАЗҒАЛИ**

ҚОРҚЫТ
ӨМІРДЕ БОЛҒАН БА?

**Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЙ,
Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі,
филология ғылымдарының докторы,
филология және өнертану профессоры**

Ел санасында елеулі із қалдырған тұлғалар бізде аз емес. Әйгілі хан, патша, батырларды айтпағанда өзінің нақыл сөздері мен жырлары, тіпті күй мұрасымен ел аузына іліккен мифтік бейнелер де баршылық. Олар әртүрлі қырынан сөз болып, мәдени оралымға да түсіп келеді. Мысалы, кезінде А.Затаевич «Қазақтың 1000 әні» жинағын жарыққа шығарып кеткен болса, халқымыздың саны жағынан да, көркемдігі тұрғысынан да аса бай музыкалық мұрасына арнап «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологиясы шығарылды. Кейбір кемшіліктері болса да қазақ топырағында атқарылып жатқан мұндай іргелі жұмыстар Орталық Азия деңгейінде әлі күнге жүзеге асырылған емес.

Әрине, атқарылған жұмыстың саны бар да, сапасы бар. Осыған келгенде ауыз толтырып сөйлеуге әлі ертелеу. Күй мәтіндері ғылыми сүзгіден өтіп, арнайы текстологиялық жұмыстар жүргізілмегендіктен антологияға бірқатар күйлердің түпнұсқасы емес, жасанды үлгілері еніп кеткен. Мұндай келеңсіздіктер әсіресе Қорқыттың авторлығымен жарық көрген қобыз сарындары тұсында айрықша көзге түседі. Нышан Шәменұлы жеткізді деп жүрген Қорқыт сарындарының түпнұсқасы көптен бері You Tube жүйесінде тұр. «Нышан 1» немесе «Нышан 2» деп жазсаңыз, сарындар орындаушысы суретімен бірге шыға келеді. Кез келген оқырманның Қорқыттың күйі деп жүрген сарындарды тыңдап, түпнұсқамен салыстыруға мүмкіндігі бар.

ҚОРҚЫТ МҰРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ДАУ

Биыл Қорқыттың күй мұрасы тұсында республика көлемінде үлкен дау туып, қобызшылар мен зерттеушілер айтысып кетті. Мәселенің ушыққаны соншалық, Мәдениет министрлігі жанынан оған байланысты арнайы комиссия құрылып, бұл тақырыпты бірнеше рет талқыға салды. Бірақ комиссия құрамында қорқыттанушылардың болмауына байланысты даудың соңына тиянақты нүкте қойылмады. Қойылған нүкте ғылыми ортаны қанағаттандыра алмады. Оның себебін қоғамдық ойға тамызық болған күрделі мәселеге қорқыттану ісімен арнайы шұғылданып жүрген фольклор мамандары емес, кездейсоқ адамдар, одан қалды музыкатанушылар мен қобыз тартушыларды қатыстырудан іздеген ләзім. Олар дау тудырып отырған тақырыптың тарихи-танымдық арқауына тереңдеп бара алмағандықтан мәселені Қорқыт пен Ықылас күйлерінің авторлығы деңгейінде ғана сөз етті.

Ал Қорқыттың күй мұрасы деп жүргеніміз қандай мұра? Оның ғылыми танымды қанағаттандыра алатын түпнұсқасы бар ма, болса бізге қалай жетті? – деген мәселелерге дүре тиген емес. Оны сөз ете қалғандар болса баяғы Нышанды алға тартып, жасанды аңыздарды тілге тиек етеді. Комиссия «1000 күй» антологиясына енген Нышан сарнауларының түбегейлі өзгерістерге ұшырағаны туралы да тіс жарған емес. Өткен ғасырдың аяқ шенінде М.Жарқынбеков деген қобызшының Нышаннан жазылып алынған арнауларды нота жазуына түсірдім деп, шын мәнінде жасанды күйлер жинағын жариялағаны баспасөз бетінде сыналған болатын. Себебі Нышан сарнауларының түпнұсқасы мен М.Жарқынбеков жариялаған нота мәтіндерінің арасында музыкалық-интонациялық байланыс мүлде байқалмады. Сол жалған, жасанды күйлерді араға отыз жыл салып көне музыкалық мұрамыз ретінде антологияға енгізуіміз, әрине, есейгендіктің белгісі емес. Бәлкім оны көпшілік оқырман ұмытып кетті деген болар. Бірақ тарихи-танымдық мәселелердің үнемі қайта жаңғырып тұратыны да шындық. Жалпы «1000 күй» антологиясы да, оның редакциялық коллегиясы да көңілде сенімділік тудыра қоймайды. Бәрі асығыс, қалайда күйлердің санын мыңға жеткізу бағытында жүргілізгені байқалып тұр.

3 БЕТТЕ

«БІР ҚАЗАҚ ЖЫЛАСА, БАР ҚАЗАҚ БІРІГІП КӨТЕРГЕН ҚАЙҒЫНЫ»

Басы 1-бетте

«Олар да қалпына келтіріледі. Барлық жұмыстарға Үкімет тарапынан қаралатын және жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат жұмсалады. Өңірдегі демеушілер де қаржылай көмек көрсетеді. Бүгін бір үйдің күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Қалған үйлерде құрылысшылар ертеңнен бастап іске кіріседі. Екі айдың ішінде барлық үйлерді қалпына келтіреміз деп өзімізге міндеттеме алып отырмыз. Оған біздің мүмкіндігіміз де, құрылысшылар күші де жеткілікті», – дейді Жамбыл облысының әкімі.

Сондай-ақ Байзақ ауданындағы әскери бөлімнің оқ-дәрі сақтау қоймасында болған жарылысқа байланысты елімізде 29 тамыз – Жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен жарияланған ұлттық аза тұту күнінде Президент қаза болған әскери қызметшілер мен құтқарушылар ерен ерлік пен нағыз жанқиярлық көрсеткенін және ерлеріміздің есімі ел жадында мәңгі сақталатынын атап өтті. Сол күні мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, шекаралық дипломатиялық мекемелер ғимаратындағы мемлекеттік ту төмен түсірілді. Көңіл көтеретін шаралар мен телебағдарламалар тоқтатылды.

Байзақтағы адам өліміне әкеп соқтырған қайғылы оқиғаға байланысты 29 тамыз – жалпыұлттық аза тұту күніне орай Бас мүфти бастамасы негізінде Қызылорда өңірінің барлық мешіттерінде Құран хатым дұғасы жасалды.

Қала, аудан және ауыл имамдары мешіттерде Құран оқып, шейіт болған марқұмдардың рухына бағыштады. Облыстық орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде өткен сауапты шараға облыстың бас имамы Болатбек қажы Ұласқанұлы қатысып, Құран хатым дұғасын жасады. Қасиетті Құран аяттарынан болған сауапты марқұмдардың рухына бағыштап, жапа шеккендерге сабыр, елімізге тыныштық тілеп, дұға етті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін Жамбыл облысындағы әскери қойма жарылысында қаза тапқан азаматтар мемлекеттік наградамен марапатталды. Мәселен, жарылыстан қаза тапқан Арман Қуанышұлы мен Александр Николаевич І дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды. Марқұм Оразбек Дайраұлы, Руслан Жүрсінбайұлы, Марат Сайлауұлы, Еркін Ерікбайұлы, Елдос Қадырбайұлы, Арнұр Серікұлы мен Тәңірберген Құдайбергенұлы ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Сондай-ақ қызметтік борышын атқаруда жанқиярлық ерлікпен қаза болған Жамбыл облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі бастығының орынбасары Мейіржан Аймановқа «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылды.

Оқиға біраз саябырсыған соң жарылыс болған әскери бөлімнің қазіргі жағдайы туралы желіде бірнеше сурет пен бейнелер тарай бастады. Ол жерден әскери бөлімдегі нысандардың түгі қалмай қирап қалғанын, қызметтік көліктердің өртенгенін немесе жарамсыз болып қалғанын байқауға болады.

Жамбылдағы жарылыс қазаққа оңай тиген жоқ. Отан алдындағы борышын, қызметтік міндетін атқарамыз деп қанша адам мәңгілік сапарға аттанды. Мақаламызды Бауыржан Жақыптың өлеңімен бастап едік, енді сол өлеңмен аяқтауды жөн көрдік.

Бұл неткен бітпейтін сабылыс,
Ақша бұлт ақ тілек алып ұш!
Біздерге тағы бір ескерту –
Таразда болған бұл жарылыс.
Алланың бұл да бір жазасы,
Бітсінші, қазақтың азасы!
Жүректі ауыртып барады
Бейкүнә жандардың қазасы.
Солардың обалы кімге енді?
Кім шешер түйілген күрмеуді?
Жаратқан сақтай гөр, елімді,
Бәледен бүтін қыл, іргемді!
Басымда бейбіт күн барында,
Әскери қоймалар жарылма!
Жазықсыз құрбандар рухы
Әр қазақ жүрегі, жадында.
Иман бер, қазадан жан күйді.
Ел үшін сол Ерлер жан қиды.
Рухы олардың биікте,
Қыран боп мәңгілік қалқиды.
Бар болсын ұрпағы соңында,
Қиды олар перзентін, жарын да.
Қиды олар жанын да Қазақтың
Жалғыз-ақ Ұлы елі жолында.
Аулақ жүр, қайғылар жын соққан,
Бүкіл ел жүрегі бір соққан.
Қазақтың жаны Аза тұтады,
Аллаға жалынып, мұң шаққан.
Елімнің асқақтап айбыны,
Оңынан тусыншы, Ай, Күні!
Бір қазақ жыласа, Бар қазақ,
Бірігіп көтерген қайғыны!
Сабыр ет, жақсы күн жетеді.
Бұл күн де өтеді, кетеді,
Қаратау қазақтың ежелден
Болған ғой киелі мекені.
Неге ерте кеттіңдер о жаққа?!
Дұға еттік, жандарың азат па?
Аманат еттіңдер біздерге,
Жаманат болмауын қазаққа.
Тұтаспыз, қымтаулы іргеміз,
Бірлікті тіледік күнде біз.
Қара бұлт төнсе де төбеден,
Біргеміз, біргеміз, біргеміз!
Мың өліп, мың рет тірілдік,
Жүгірдік,сан мәрте сүріндік.
Қиын сәт туғанда, қашан да,
Алланың алдына жүгіндік.
Я,Алла, медет бер, халқыма,
Адалмыз атаның салтына.
Біз көңіл айтамыз, дәл бүгін,
Ақындар атынан жалпыға!

А.НҰРАЗҒАЛИ

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТЕҢДЕССІЗ ЖЕҢІСІ

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Шәріпбайқызы Семей ядролық полигонының жабылуы бүкіл әлемдегі ядролық сынақтарға мораторий қою жөніндегі халықаралық іс-қимылға және Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақты құруға негіз болғандығын баса айтты. Сонымен қатар жалпы қазақстандықтарға ғана емес, бүкіл адамзат үшін маңызды оқиғаға айналған Семей полигонын жабу еліміз тәуелсіздік алар тұста қабылданған ең маңызды шешім болғанын атап өтті.

Басқосуда облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет «Қазақстан – әлемде бірінші болып, ядролық қарудан бас тартқан ел. 2009 жылы Елбасымыз 29 тамызды Ядролық қарудан бас тартудың бүкіләлемдік күні деп жариялау жөнінде бастама көтеріп, Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қолдау тапты. Нәтижесінде 40 жыл бойы ажал отын шашқан қасиетті Семей өңіріндегі полигонның жабылуы, Қазақ елі үшін үлкен бақыт, әлем халқы үшін үлкен жетістік әкелді. Семей полигонын жабу және Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тарту жөніндегі тарихи шешімі қабылданған бұл күнді ұлықтау бізге парыз», – деп тарихи күннің маңызына тоқталды.

Конференцияда баяндама жасаған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тарих ғылымдарының докторы Дастанбек Сәтпай: «Елбасы 1991 жылдың 29 тамызында Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойып, бұл апат ресми түрде жабылғаны тарихтан белгілі. Бұл сәтте халықтық дипломатияның да жарқын үлгісі көрініс тауып, сынақ алаңының жабылуына жұрт болып жұмыла атсалысты. Бұл ретте «Семей – Невада» антиядролық қозғалысының ықпалын ерекше атап өткен жөн», – деді.

Конференция қорытындысында облыс әкімінің орынбасары Серік Әбжәліұлы облыстық «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Әбішті 30 жылдық мерекемен құттықтап, облыс әкімі Гүлшара Наушақызының «Алғыс хатын» табыстады.

Басы 1-бетте

КОНФЕРЕНЦИЯ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бас оқу ғимаратының мәжіліс залында онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы «Қазақстан Республикасының Конституциясы: бірлік, тұрақтылық, өркендеу» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

БІРЛІК. ТҰРАҚТЫЛЫҚ. ӨРКЕНДЕУ

Шараны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылым департаментінің директоры, география ғылымдарының кандидаты, профессор Қали Омаров ашты. Жиынға ZOOM платформасы арқылы оқытушы-профессорлар, студенттер қатысып, еліміздің Ата заңына байланысты баяндама жасады.

Философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберліұлы баяндамасында Қазақстан Республикасының Конституциясының ұстанымдары жайлы сөз қозғады. Конституция 4 ұстанымға негізделген. Бірінші ұстаным – қоғамдағы саяси тұрақтылық. Екіншісі – экономикалық даму. Үшінші ұстаным – Қазақстандық патриотизм, соңғысы – барлық мәселені референдуммен шешу екенін түсіндіріп, әр ұстанымға тоқталды. «Адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне ешкім қол сұға алмайды. Осыған орай, жастарға Конституцияны жаттап, өз құқығын білуге, заңға сауатты болуға шақырамын», – деді Баймырза Қожамберліұлы.

Сонымен қатар ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Ақзада Айдарқызы Конституцияның ережелері мен құрылысы және құрылымымен таныстырды.

Бұдан бөлек, PhD, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті құқықтану кафедрасының аға оқытушысы Айнұр Женісқызы кәмелеттік жасқа толған барлық жастың Конституция заңдарын қатаң сақтауға міндетті екенін ескертті. Конференцияның соңында Қали Омаров конференцияға қатысушыларды 30 – тамыз Конституция күнімен құттықтап, конференцияны қорытындылады.

«Ақмешіт-ақпарат»

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Қызылорда – күллі қазақтың ортақ мекені. Тарих тінін тарқатып қарасақ, осы өңірде қолтаңбасын қалдырып, еңбек еткен тұлғалалардың сүрлеуін көреміз. Солардың атқарған істері ел игілігі жолында жасаған алуан жұмыстары ұлтқа – ұстын, ұрпаққа – үлгі болып келеді. Соның бірі де бірегейі – Бейімбет Майлиннің Сыр өңіріндегі еңбек жолы.

БЕЙІМБЕТТІҢ БИІГІ

1925 жылы Қызылорда астана болып тұрған кезде барлық республикалық газеттер жаңа астана Қызылордаға көшірілді. Сол тұста Сыр өңірінен шыққан мерзімді басылымдар шын мәнінде ұлттық басылымдардың қалыптасу және шыңдалу кезі болды. 1925-1929 жылдары «Жас қайрат», «Лениншіл жас», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп», «Еңбекші Қазақ» секілді басылымдарда көркем шығармалар қазақ тарихына оның ішінде Сыр өңіріне қатысты зерттеулер дерегі мол мақалалар жиі басылып тұрды. Бейімбет Майлин Қызылорда астана болған тұста «Еңбекші қазақ» газетінде орынбасар, «Ауыл тілі» газетінде бас редактор қызметін атқарған.

– Қазақ баспасөзінің алғашқы қалыптасу тарихында Қызылорданың алар орны ерекше. Соның бірі «Еңбекші Қазақ» газеті болатын. Осы басылымның 1926 жылғы №319 санында қызықты әрі тарихи танымды қалыптастыратын мақала «Ақмешіттің тарихы» деп аталды. Мақалада Ресей мемлекетінің қазақ даласын қалай отарлағаны жөнінде айтылды. Қызылорда астана болғанда қаламызда дүниеге келген басылымдардың бірі – «Ауыл тілі» газеті. Газет 1926 жылдың 20 шілдесінен 1929 жылғы 12 ақпанға дейін Қызылорда қаласында шығып тұрған ауыл шаруашылығына арналған салалық газет. 1926 жылы партиялық тексеріс нәтижесінде газеттің №1-ші санында «Қазақ тіліне шағым», «Бөртешілердің арманы» деген мақалалар жарияланып, онда партия кеңестің қоғамдық жұмысындағы кейбір кемшілікті жақтары сынға алынған. «Газет партияның ұлтаралық саясаты мәселесін мүлде көтермеді. Шаруа басылымы болса да оның көпшілік материалдары 1916 жылға арналған» делінді тексеру есебінде. Міржақып Дулатов «Ауыл тілі» газетінің белді қызметкерлерінің бірі болды. Қазақстан баспа комитетінің баспасөз бөліміне жазған хатында «Мен, «Ауыл тілінде» қызмет еткенде газеттің тіліне ажарлық (кейбір хаттарды түзеу) газеттерден керекті хабарларды теріп алу, орысша жарлық үндеуді аудару қызметтерін атқардым, мақала жаздым», – деп келтіреді. «Ауыл тілі» газеті сол кезеңдегі барлық басылымдар сияқты оқу ағарту, денсаулық, ауылды кеңестендіру, қазақ байларын тәркілеу, индустрияландыру мәселелерін көтерді. Газет бетіне «Шаруа күні», «Бұрын қазақта той көп болатын», «Мал аурулары» сияқты ауыл тілшілерінің және Жүсіпбек Аймауытовтың «Құтыру», Ғабит Мүсіреповтің «Үлгі боларлық ауыл», Сәкен Сейфулиннің «Қысқы кіреші» өлеңдері, Бейімбет Майлиннің «Рахиланың көк тұсағы» әңгімесі, Ілияс Жансүгіровтің «Қонақтар мен қожайын» сықағы ең алғаш осы газетте жарияланған, – дейді тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сағат Тайман.

1925 жылы көктемде ел астанасы Орынбордан Қызылордаға көшкенде «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Жұмысшы», «Лениншіл жас» газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Жаңа әдебиет» журналдары бір үйге орналасқан болатын. «Әйел теңдігі» журналының басқармасы құрылғанмен алғашқы саны 1923 жылы қаңтарда жарық көрді. Сол кезде елге кең танылған Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфулин, Ілияс Жансүгіров, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Мұқанов сияқты қаламгерлер журналдың қалыптасып, аяғына тұрып кетуіне барынша жәрдемдесті. Өз жазғандарын ұсынып, қосымша әдеби туындыларды редакциялап, әзірледі. Әсіресе Бейімбет Майлин зор еңбек сіңірді. Осындай қат-қабат шаруаның арасында жүріп, Қазақстан өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бюросына мүше болып сайланды.

«Еңбекші қазақтың» редакторы Смағұл Сәдуақасов Қостанайдан Орынборға келген Бейімбетті өзіне әдебиеттік орынбасар етіп тағайындады. Көркем әдебиет мәселесінде Смағұл Сәдуақасов алашорда жазушылары – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сияқты мықты қаламгерлерге үлкен ықыласпен қарап, оларды кеңестік аталатын жазушылармен бірлестіруге тырысатын. Кеңестік жазушылардан ол тек Сәкен Сейфулинді ғана танып, еңбегін жоғары бағалайтын. Қостанайдан Орынборға қоныс аударған Бейімбет Майлинге Смағұл Сәдуақасов үлкен ықыласпен қолдау көрсетті. «Еңбекші қазақ» газетіне өлеңдерін, фельетондарын, әңгімелерін тоғыта басып отырды. Сонымен қатар оның өлеңдер жинағын шығартып, оған өзі алғысөз жазды. Бұған дейін Бейімбеттің шығармалары жинақ күйінде жарық көрмеген еді. Ақмешіт баспаханасында тез бастыру үшін Бейімбетті арнайы жіберді.

– Орынборлық дәуірді де көріп, істес болып жүргенмен Бейімбетті менің жақын тануым – Қызылорда дәуірі болды. Мен Қызылордадан 1926 жылы келсем, Бейімбет Қызылордаға өткен жылы республикалық мекемелермен бірге көшіп, орнығып алған екен. Оның қазірде көзі тірі әйелі – Гүлжамал ол кезде жас келіншек. Ауылда туып-өскен, газет оқырлық қана сауатты, мінезі ақ жарқын қазақы аталатын бұл әйелді Бейімбет Қостанайдағы туған елінен Қызылордаға келе сала алдыртыпты. Бірер баланың анасы болып қалған Гүлжамал қазақы қалжыңға да жақсы. Бейімбет тұратын пәтер күн сайын қонақтан арылмайды. Газет, журналдарда шығармалары жиі жарияланып тұрды. Жұбайы Гүлжамал күйеуі «Халық жауы» атанып, сол жалған жаланың кесірінен көп зардап шекті. Өзі де қамауға алынып, ешкімге ешнәрсе айтпаймын деген қолхатпен босатылған болатын. Жұрт та сескеніп, жуысып, араласа қоймады. Тұрмыс ауыр әйтеуір жанұшыра жүріп балаларының үлкені Әукеннен басқаларын тауып алады. Әукен «Халық жауының» баласы деген желеумен айып батальонының құрамында майданға аттандырылып, содан тірі оралмайды. Қанша қабырғасы қайысса да абзал ана оған да төзді. Соның бәрі – сүйген жары Бейімбет үшін, оның сөзі үшін. 1957 жылы Бейімбет ақталғаннан кейін барып балаларының жолдары ашылды. Гүлжамал Бейімбеттің жазған шығармаларын күндіз-түні үзбей оқып отыратын. Бейімбеттің 70 жылдық тойын көргенде шаттанып қуанғанын көріп, толқымаған жан қалмады. Ол – рухы күшті қазақы асыл ана. Түбінде бәрін жеңді. Бейімбеттің осындай биікке жетуі жарының қолдауының арқасында десе артық айтқандық емес, – дейді Сәбит Мұқанов өз естелігінде.

«Ғабит Мүсіреповтің «Шұғаның белгісі» повесінің құрсағынан шығып, етегіне оранып өскендейміз» деген шығармасының алғашқы нұсқасын Бейімбет Майлин жиырма жасында жазған екен. Оның өнерге араласып, өлең шығара бастауы бұдан әлдеқайда бұрын. Ауыл арасында айтысқа түсіп, сықақ өлеңдер шығарып жүрген. Жазғандары он алты жасынан кейін жариялана бастаған. Талант бүр жарып оянбай, бұйығып жатар ма, кейбіреулер оны қазақтың Чеховы, немесе Гоголі, я болмаса Горькиі деп жүрді.

– Бейімбет Майлинді мен 1925 жылы Қызылорда қаласында көрген едім. Ол кезде Қызылорда – республика астанасы. Сол жыл ол Қостанайдағы «Ауыл» газетінен келіп, «Еңбекші қазақ» редакциясына орналасты. Бейімбетпен 1925-1926 жылдардың аралығында жақын араласып, әдебиет майданында бірге болдық. Қазіргі «Социалистік Қазақстан» (Бүгінгі «Егемен қазақстан» ред) газеті болатын. Онда «Еңбекші қазақ» деген атпен шығып тұратын. Бейімбет Майлин осы газеттің әдебиет бөлімін басқарды. Алғашқы рет астананың Қызылордаға келуіне арнаған құттықтау өлеңімді салтанатты жиында оқыдым. Ал Бейімбеттің өзімен тікелей танысуым 1925 жылы «Көктем» деген өлеңімді көрсетуден басталды. Ол орта бойлы, бетінің аздап шешек дағы бар, қара торы кісі еді. Барынша сабырлы, мінезі салмақты көп сөйлемейтін. Осы байсалды қалпын бұзбастан өлеңімді зейін қойып, ұзақ отырып оқып шықты. «Өлеңіңіз басылады. Тәуір екен. Мұнан былай да жазып тұрыңыз. Басылған, басылмағанына қарамаңыз. Көп ізденіп жазыңыз. Жақсы шығарма далада қалмайды. Осында әдебиет үйірмелері бар. Соған келіп, қатысып тұрыңыз, – деп ақыл берді». Осыдан соң таныстығымыз нығая түсті. Көп өлеңдерім Бейімбеттің қолынан өтті. Бейімбет әдебиеттің жетістігін зор мақтаныш ететін. Қандай жиын екені есімде қалмапты. Бір жиналыста қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдеріне арнаған өлеңімді оқып бердім. Президумда Ілияс, Сәкен, Бейімбеттер отыр еді. Өлеңім жоғары бағаланды. «Ертең редакцияға әкеліңіз, газетке басамыз», – деді Бейімбет. Бұл кісі барынша адал, шыншыл адам еді. Оның «Шұғасын» өз уақытында оқырман қауым жылы қабылдады. Ол Ілиястың «Күй» поэмасын оқығаннан кейін: Мен енді өлең жазуды қойдым. Жарайсың, поэзия құлагері, – деп Ілиясты құттықтағаны есімде. Міне біз білетін Бейімбет осындай кең көңілді, кішіпейіл елін шексіз сүйген ұлы тұлға болатын, – дейді Қуаныш Баймағанбетов.

Міне, қазақ руханиятында қайталанбас қолтаңбасын қалдырып, мәңгілік мөрін таңбалаған тау тұлға Бейімбеттің биігі осылай қалыптасты. Оның өз ортасы, шығармашылық шыңы туған елге деген шынайы сезімі барлығы өн бойынан істеген ісінен айқын аңғарылып тұрды. Сыр өңірінде болған сәттері сарқылмас қазынаға айналды. Ол жоғарыда атап өткеніміздей ұлтқа – ұстын, ұрпаққа – үлгі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҚОРҚЫТ ӨМІРДЕ БОЛҒАН БА?

АҢЫЗ ЕЛЕСТЕРІНЕН АСА АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ

XX ғасырдың аяқ шенінде бақилық болған Нышан сарнауларын одан кемінде он ғасырдай бұрын ғұмыр кешті дейтін Қорқыт мұрасына телудің астарынан ғылыми таным көріністерін табу қиын. Бірақ осындай аңыздық желі көпшіліктің санасына сіңе бастағаны байқалады. Олар үшін Қорқыт әл-Фарабимен кездесіп, артында қобызға арналған шығармалар қалдырған үлкен күйші, көптеген күй аңыздарын жеткізген қария. Осы ретпен біз әлі күнге аңыз елестерінен аса алмай келе жатырмыз. Дұрысында аңыз бен ақиқат – екі түрлі құбылыс. Бірі өмірде болған, екіншісі болуы мүмкін оқиғалар жиынтығы. Осы себепті олардың арасына теңдік белгісін қоюға болмайды.

Аға буын ғалымдарымыз қорқыттану саласында өз ойларын ортаға салып кетті. Ол еңбектердің қатарында ғылыми-теориялық ізденістер де, қарапайым эмпиристік баяндаулар да кездесіп жатады. Мүйізі қарағайдай ғалымдарымыздың әлеуетін сол еңбектерінен-ақ тани беруге болады. Ескірген консервативтік көзқарастың өміршеңдігіне байланысты аға буын ғалымдарымыз шеше алмаған күрделі ғылыми мәселелер біздің буынға да жетіп отыр. Олар:

– Қорқыттың тарихи прототипін іздеу;
– қобыз сарындары мен күйлерінің айырмашылығын анықтау;
– аспаптық музыканың туған дәуірі;
– қазақ жерінде қобызбен күй тарту дәстүрінің туған кезеңі?
– қобыз қандай аспап: шертпелі ме ысқышты ма? – деген мәселелерге саяды.

Осы сауалдардың жауабы шешілмейінше Қорқыттың музыкалық мұрасы туралы сөз қозғау ешқандай нәтиже бермейді. Қорқыттың күй мұрасы бар ма, жоқ па? – деген сауалға Дәулет Мықтыбаев орындаған «Қорқыт» күйі, Ықылас шығарған «Қоңыр» күйлері де анықтық енгізе алмайды. Себебі Дәулет – Ықылас мектебінің өкілі. Бала күнінде ол қобыз тартуды Ықыластың шәкірті Әбікейден, одан қалды баласы Жүсіпбектен үйренген. Бүгінде түрлі пікірлер тудырып жүрген «Қоңыр» күйінің Ықылас шығармасы екені күмән тудырмайды. Кезінде Б.Ерзакович Ықыластың 10 күйін жазып алса, екінші саласын Жаппас Қаламбаев жеткізген.

Қобыз аспабын құрал еткен бақсылық пен күйшілік – өнер дамуының екі түрлі кезеңі: бірі – музыкалық-поэзиялық, екіншісі – музыкалық-аспаптық құбылыс. Қорқыт пен Ықылас мұрасын шатастырудың басы осыдан басталады. Қорқыттың күй мұрасы туралы А.Жұбанов, Б.Ерзакович, З.Жанұзақова, Б.Сарыбаев сияқты зерттеушілер де ауыз ашқан емес.

Соңғы кездері Д.Мықтыбаев орындаған күйдің Қорқыт есімімен үндестігін алға тартып, оны Қорқыттың мұрасы санап жүргендер де бой көрсете бастады. Олар тіпті өздерінің болжамдарын аксиомаға айналдыруға тырысып, «1000 күй» антологиясына Қорқыттың күй мұрасы ретінде қосқан. Ұстанған бағыттары ғылыми айғақ, дәлел, қисын дегендерден жұрдай. Тіпті оны дәлелдеу қажет деп те таппаған.

Бүгінде Қорқыттың күй тарту өнері туралы сөз қозғау үшін сол күйлерді біздің заманымызға жеткізген, үзілмей келе жатқан дәстүрдің болуы шарт. Өкінішке орай Қорқыт заманынан үзілмей жеткен қобызбен күй тарту дәстүрі бізге жетпеген. Әрине, қазбаласа Қармақшының о жақ, бұ жағынан көне қобыз аспабының табылуы мүмкін. Бірақ ол музыкалық репертуары жоқ өлі аспап. Анығына келгенде, музыкалық-эпикалық дәстүр өріс алған орта ғасырларда қобызбен күй тарту дәстүрі, яғни аспаптық музыка әлі туа қоймаған болатын. Қорқытты дәріптеушілерге осыны түсінетін кез жетіп еді.

ҚОРҚЫТ МАЗАРЫ ҚАЙ ЗАМАННЫҢ МҰРАСЫ?

Рашид ад-Дин мен Әбілғазының бізге жеткен генеалогиялық жазбалары мен «Кітаби дадам Қорқыт ғали лиса тайфа оғузан» жазбасындағы Қорқыт – оғыз тайпасының өкілі. Бірде баят, бірде қайы ұрығынан деп көрсетілген Қорқыттың этникалық тегінің өзгеруінде қандай сыр жатыр? Оғыздардың бел ортасынан көрінетін бұл екі тайпаның кейін қалыптасқан қыпшақ тілді этникалық ортаға қатысы қандай? Осы тұста оғыз Қорқыт пен бейіті Сыр бойында болған қазақ Қорқытты тарихи-типологиялық тұрғыдан салыстыра зерттеудің қажеттілігі айқындалады. Себебі бұл көпқабатты құбылыс. Олардың заманы да бөлек: бірі орта ғасырлардағы оғыз тайпасының ортасынан көрінсе, екіншісінің сүйегі XIX ғасырдың екінші жартысына дейін сақталған қазақ қорымында жатыр. Қармақшы жеріндегі Қорқыт бейітінің саз кесектен соғылуы да түрлі ойларға жетелейді.

Қазақстан аумағындағы ортағасырлық тарихи жәдігерлердің көпшілігі (Жошы хан, Қарахан, Айша Бибі, Ясауи, Сығанақ, т.б.) күйдірілген қыштан салынған. Қорқыт станциясы маңындағы көне мазарлардың суретін салған И.Кастанье деректеріне сүйенсек, бейітті саз кесектен салу көбіне XIX ғасырға тән екенін көреміз. Ташкент генерал-губернаторы Кауфман альбомындағы Қорқыт мазарының суреті мен подполковник Арзамасов суретке түсірген бейіт анық саз кесектен салынған. Орта ғасырлардағы қарахандар дәуірі, сопылық наным, X-XII ғасырлардағы қыпшақ мемлекеті тұсында тұрғызылған тарихи жәдігерлердің барлығы дерлік күйдірілген қыштан соғылған болса, саз кесектен салынған Қорқыт мазары қай заманның ескерткіші болмақ? И.Кастаньеге сүйеніп XIX ғасырдың еншісіне берсек, онда бұл қай Қорқыт? Оғыз тайпасының ұзаны ма, кейінгі қазақы Қорқыт па? Міне, Қорқытты тану осы мәселелерден басталуға тиіс. Бұл қисын бойынша оғыз Қорқыт IX-X, сүйегі қазақ топырағында жатқан Қорқыт XIX-XX ғасырларға тән болып шығады. Мұның сыры неде?

Бірақ мәселе мұны анықтаумен де тұйықталмайды. Сыр бойында мазары сақталған Қорқытты түрікмен, әзербайжан, анадолы елдеріндегі эпикалық Қорқыт есімімен байланыстырып, тарихи-генетикалық ізденістерге өріс беру қажет болады. Болмаса ешбір дәлелі жоқ «Қорқыттың күйі» деген ұшқары пікірмен ғылыми қауымды иландыру қиын.

ҚОРҚЫТ КҮЙЛЕРІ ЮНЕСКО ТІЗІМІНЕ ҚАЛАЙ ЕНДІ?

2019 жылы Қорқыт мұралары ЮНЕСКО тізіміне енгізілді. Мұндай танымдық мәселе әкімшілік ресурстар арқылы емес, ғылыми таным негізде шешілсе керек еді. Әлі жан-жақты зерттеліп, ақиқаты анықталмаған мәселені ЮНЕСКО тізіміне енгізіп жіберуден асығыстық байқағандай боламыз.

Үш бағыт бойынша енгізілген Қорқыт мұраларының «Кітаби дадам Қорқыт ғали лиса тайфа оғузан» атты эпостық жырға қатысты бірінші тармағын қолдауға әбден болады. Бұл жазба ескерткіштің қазақша аудармасы алғаш рет 1986 жылы жарыққа шығып, әдеби оралымға енген болатын. Бұл – ғылыми емес, көркем аударма. Оның басты мақсаты – қазақ оқырмандарын талай жылдар бойы қыспақта болған оғыз эпосымен таныстыру, ел арасына насихаттау. Ал әдеби мәтінге ғылыми транскрипция жасау – ғылыми басылымның міндеті.Бүгінде бұл да тәржіманың ескірген бір тәсіліне айналған. Түпнұсқа тұрғанда зерделі зерттеушінің мұндай транскрипциямен жұмыс жасамайтыны шындық.

ЮНЕСКО тізіміне енген екінші бағыт – Қорқыт есіміне байланысты аңыздар. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде шетел ориенталистері жазып алып, жариялап кеткен Қорқыт туралы аңыздардың саны 4-5 ғана болса, бүгінде олардың ұзын-ырғағы елуден асып кеткен. Аңыз-әфсаналар өмір сүретін фольклорлық орта күн санап жойылып бара жатса да сол ортада ғана дамитын аңыздар саны күрт өсіп келеді. Мұның астарында қандай заңдылықтардың жатқанын түсіну қиын.

Үшінші бағыт – Қорқыттың күй мұрасын ЮНЕСКО тізіміне қосудың үлкен ағаттық болғанын айтқымыз бар.

Сонымен, мәселені Қорқыт кім? Ол өмірде болған ба? – деген сауалдан бастайық. Бүкіл түрік әлеміне танымал Қорқыт, оның есіміне байланысты аңыздар мен ортағасырлық жазба ескерткіш XX ғасыр бойында әр түрлі қырынан сөз болды. Қазақ даласын зерделеген шетел саяхатшылары оған қатысты түрлі жазбалар қалдырды. В.Вельяминов-Зернов Қорқыт есіміне байланысты аңыздың көне үлгісін алғаш рет хатқа түсіріп, 1859 жылы баспасөз бетінде жариялады.Осылайша ауызекі жолмен тарап келген аңыз фольклордан жазба әдебиет мұрасына айналды. Араға 40 жыл салып осы аңыздың аздап өзгеріске түскен нұсқасын «Туркестанские ведомости» (1899, №92) басылымында Н.Жетпісбаев деген этнограф қайта жариялаған еді. Ал «Қорқыт аяғының қарындасына тиіп кетуі», «Қорқыт – далаға ислам дінін әкелген екінші Мұхамед болды», Қорқыт сарынын тыңдауға келген «Ақсақ қыз» сияқты аңыздардың бергі жерде шыққаны көрініп тұр. Олардан көне ғасырлар елесін емес, ислам нормаларын басымдау аңғарамыз. Бір ғана қазақтың өзінде «Қырық қыз» деп аталатын бірнеше аңыз болса, көршілес қарақалпақ халқында Гүлайым мен Сарбиназдың ерлігін паш еткен «Қырық қыз» атты қаһармандық жыр сақталған. Қырық деген сан есімге байланысты аңызды болгар халқынан да кездестіреміз. Бірде бейбіт жатқан болгар елін түріктер шабуылдап, халқына қырғидай тиеді. Мұны көрген қырық қыз тауды бетке ұстап ауылдан қаша жөнеледі. Түрік әскері іздеріне түсіп, қуғын ұйымдастырады. Таудың шыңына көтерілген қыздар биік құзға барып тіреледі. Қуғыншылар жақындаған кезде қыздар жаудың қолына түсіп қор болмаймыз деп, барлығы бірдей биік құздан құлап өлген екен дейді аңыз. Жоғарыда аталған аңыз-жырларды байланыстырып тұрған «қырық» саны болмаса, олардың сюжеттік желісі бір-бірінен дараланады.

Одан бергі жерде Ресей ориенталистері – И.Аничков, Ә.Диваев, В.Каллаур, И.Кастанье, П.Лерх, Л.Мейерлер Қорқыттың мазары туралы түрлі мәліметтер жеткізді. Олар қайта-қайта жарияланып, көпшіліктің құлағына сіңіп кеткен. Ал шын мәнінде сол мәліметтерді оқыған сайын көкейде көптеген сұрақтар туындай береді. Соның басында «Қорқыт мазарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді ме?» – деген мәселе тұрады. И.Кастанье Қорқыттың мазары жатқан жерді көне қорым ретінде атаса, сол қорымның маңайынан табылған сүйектердің антропологиялық ерекшеліктері бізде зерттелген емес. Олар қай ғасырда жерленген? Бас сүйектері қай дәуірдің қандай антропологиялық типтеріне сай келеді? – деген мәселелерді анықтау үшін алғашқы сөз антропологтарға берілуге тиіс. 90-жылдары сол қорымның маңынан табылған сүйекті «Қорқыттың сирағы табылды» деп даурыққандарды да көзіміз көрді. Бірақ іргелі зерттеу жұмыстары атқарылған емес.

Басы 1-бетте

«Қорқыт тарихи тұлға ма, жинақталған фольклорлық бейне ме? – деген мәселе К.А.Иностранцев, В.М.Жирмунский, Х.Короглы, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев еңбектерінде қарастырылды. Сол жазбаларға көз жүгірте отырып, пікірлердің бір жерге тоғыспай, әр ғалымның өз пікірінде қалғанын көреміз. Бұл ізденістердің дұрысы мен бұрысы, методологиялық кемшін тұстары фольклортану ғылымында арнайы сараланған емес. Көпшілік оқырман болса осы авторлардың еңбектерінде баяндалған мәліметтердің дақпыртымен келеді.

XX ғасырдың бас кезінде К.А.Иностранцев түрік әлеміне танымал Қорқыт есімді бірнеше тұлғаларға типологиялық салыстырулар жүргізіп, оны оғыз тайпасы көсемдерінің бірі болуы мүмкін деген болжам айтқан болатын. Араға жарты ғасыр салып бұл тақырыпты Х.Короглы арнайы зерттеді. Өзінің «Огузский героический эпос» (1976) атты ғылыми монографиясында ғалым оғыздардың көне миф, аңыз, әфсаналары мен батырлық жырларын мұқият зерттей келе «Қорқыттың тарихи прототипін іздеудің ешбір негізі жоқ» (186-б.) деген тұжырым жасағаны көзіқарақты мамандарға жақсы мәлім.

Кезінде қазақ эпосынан докторлық диссертация қорғаған Ә.Марғұланның «Ежелгі жыр, аңыздар» (1985) атты еңбегінің бірнеше тарауында Қорқыт есіміне байланысты аңыздардың ел аузында сақталуы туралы мәліметтер келтірілген. Ғалым түрікмен халқындағы аңыз-әфсаналарға да тоқталып, А.Рахманов жазбаларына ерекше мән берген. Байқасақ, олар әлі жарық көрмеген қолжазбалар екен. Автордың Қорқыт мұрасына ие болған саңлақтарды төрт топқа бөлген тұстарынан хронологиялық дәлсіздіктер де кездесіп жатады. XX ғасырдың аяқ шенінде қайтыс болған Нышан абызды ежелгі бақсы-жыраулар санатына қосуы да көкейге қона бермейді. Ғалымның қобызбен күй тартқан шебер орындаушылар қатарында әл-Фараби, Кетбұқа, Ер Шегедей, Досжан, Өтеболат, Қанғожа, Уәлиханов, Құрманғазы, Ықылас, т.б. атауы да анықтай түсуді қажет етеді. Осы тұста мұндай еркін пайымдаулардың ғылыми танымның бүгінгі талаптарына жауап бере бермейтінін де айту қажет болар. Көп оқып, көп ізденген қарт ғалымның Қорқыт туралы мәліметтерді ғылыми ізге түсіріп, оқырманға белгілі бір логикалық қисыны бар жүйе түрінде ұсына алмағаны өкінішті. Авторда арқаны кеңге салған еркін баяндау тәсілі – эмпиризм үстем. Көптеген аңыз-әфсаналарды төтелей тарихи айғақ қатарында сөз еткендіктен еңбектің ғылыми маңызы да көмескі тартқан. Көлемі жүз бетке жуық тарауда келтірілген толып жатқан ақпараттарға бірде-бір ғылыми сілтеменің жасалмауы Ә.Марғұлан жазбаларының маңызын, танымдық деңгейін төмендетіп-ақ тұр. Автор келтірген толып жатқан эмпиристік мәліметтер теориялық негізде зерделеніп, ғылыми таным аясында танылмаған.

Қорқыт есімі, аңыздары, әсіресе «Кітаби дадам Қорқыт ғали лисан тайфа оғузан» жазба ескерткішіне байланысты біршама ойлар сабақтаған ғалымның бірі – Ә.Қоңыратбаев. Мағжан Жұмабаев поэмасы саяси сынға ұшыраған кезден бастап қазақ топырағында Қорқыт тақырыбына тұсау салынғаны белгілі. Оны зерттегендердің «пантүркист» болып шыға келгені де шындық. Тіпті кешегі 80-жылдарға дейін республикалық партия ұйымында отырғандар үшін Қорқыт – ескілік, кертартпа феодализм дәуірінің мұрасы саналып келгенін көзіміз көріп, құлағымыз естіді.Қалай болғанда да қазақ топырағында Қорқыт тақырыбын алғаш сөз еткен ғалымның Ә.Қоңыратбаев болғанын айту керек. XX ғасырдың 70-жылдары «Қорқыт ата кітабын» қазақ тіліне тәржімалаған автор 10 жылдан астам оны жарыққа шығара алмаған. Аудармаға Ә.Марғұлан мен Ә.Құрышжанов пікір білдіріп, жарыққа шығуын қуаттаған. Бірақ «Жазушы» баспасының тақырыптық жоспарына енген аударма Орталық партия комитетінің идеология бөлімінде сызылып қала берген. Осы жылдары Ә.Қоңыратбаевтың Қорқыт жырларының тарихи тегі – генезисіне байланысты толымды пікірлер сабақтаған ғалым болғанын да айту керек.

Бері келе бұл тақырыптың төңірегінде қалам тартқан зерттеушілер де бой көрсетті. Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ыбыраев, А.Қыраубаева, т.б. ғалымдар оғыз эпосының поэтикасын, типологиялық сипаты мен мифтік арқауларын зерделеді. Бірақ ғылыми таным бұл ізденістермен тұйықталмақ емес.

«ПОПУЛИСТЕР» ҮСТІРТ ПІКІРЛЕРДЕН АСА АЛМАЙ ЖҮР

Бүгінгі өзекті мәселе «Қорқыт өмірде болған ба, жоқ па?» – деген сауалға келіп тіреліп отыр. Бұл күрделі мәселені ғылыми негізде зерттеп, қазақ (Қызылорда), әзербайжан (Нахичеван), түрік (Байбурд, Анталия) жерлеріндегі Қорқыт есімді төрт бірдей тұлғаны тарихи-генетикалық және типологиялық негізде салыстырып зерттегендер әлі күнге бой көрсете қойған жоқ. Жұрттың жалаулатып жүргендері әбден ескірген, жинақтан жинаққа көшіп, түрлі қауесеттермен толығып жүрген мәліметтер. Ғылыми таным үшін ондай үстірт мәліметтер қол емес. Дақпырт пен даңғазалық – Қорқыт туралы ескірген, үстірт пікірлерді төңіректеп жүрген «популистердің» тірлігі. Өзгелердің пікіріне негізсіз дау айтқандары болмаса, олар бұл тақырыпты тереңірек зерттеуге ешқандай үлес қосқан емес. «Қорқыт – тарихи тұлға», «Қорқыт – әулие», «Қорқыт – бақсы», «Қорқыт – қобызшы» деген жаттанды тіркестердің барлығы да ғылыми ой елегінен өтіп, теориялық тұрғыдан қайта сарапталуы шарт. Осы кезге дейінгі қорқыттануға қатысты еңбектердің деңгейі аңыз желісін қайта баяндаудан аса алмай келгені өкінішті. Әрбір ой жаңа ғылыми методологияға табан тірегенде ғана танымның жаңа сатысына көтерілмек. «Дейді екен де, дейді екен» деген қарадүрсін баяндауда қандай әдіснама болсын.

Соңғы жылдары қазақ фольклорындағы Қорқыт тұлғасына деген қызығушылық күрт өсіп, бұл тақырыптың төңірегінде көптеген ізденістер бой көрсетті. М.Жолдасбековтің араласуымен Қорқыт жырларының Дрезден нұсқасынан қазақ тіліне тәржімалануы соның бір айғағы. Мәселе еларалық деңгейге шығып, скопус жүйесіне енетін ағылшын және орыс тілді шетел басылымдарында Қорқыттың тарихи тұлғасы мен күйшілік мұрасына байланысты мақалалар жарияланды. Оларды ғылымы мен мәдениеті озық елдердің мамандары оқып, мәселенің мәніне қаныға бастады.

Мысалы, 2015 жылы Канадада жарық көретін «Asian Social Science»(vol.11, N21) атты журналда жарияланған «Study of the Heritage of Korkyt in the TurkicWorld» атты мақаламызда түрік әлеміне танымал Қорқытты күйші, қобызбен күй тартқан адам ретінде танудың методологиялық қайшылықтарын тілге тиек еткеніміз бар. Осыған байланысты бірнеше шетел басылымдарының редакцияларынан хат алдық. Олар өз журналдарына рецензент болуға шақырып, мақала жазып тұруымды сұрады.

2019 жылы жас зерттеушілер Р.Әлімбеков пен Ә.Қазақбаев скопус жүйесіне енетін кезекті бір журналдың бетінде Қорқыт туралы көне мәліметтерді төңіректеген «One historical truth in the Korkyt legend» (Opción, Issue 35, Regular. No.90-2: 161-171)атты мақала жариялапты. Оқып, таныстық. Өздеріне дейін айтылған пікірлерге алып-қосары болмаса да авторлар аңыз жанрын Қорқытты тарихи тұлға ретінде тануға басты құрал етіпті. Ол аңыздардың көпшілігі фольклорлық дәстүр аясында жеткен емес, ойдан құрастырылған, жанры мен стилі ала-құла дүниелер екенін «Қорқыттың музыкалық мұрасын зерттеудің герменевтикалық мәселелері» (Қазмемқызпу Хабаршысы, 2020, №2) атты мақаламызда талдап көрсеткен едік.

Аңыз – фольклордың прозалық жанры. Онда қиял мен өмірде болған оқиғалар аралас жүруі мүмкін. Бірақ аңызда тарихи дата, дәуір, кезең дегендер болмайды. Ресейдің «Вопросы филологии, искусствоведения и культурологии» атты ғылыми журналында жарық көрген «О музыкальном наследии Коркута» (2016, №11 (50), 8-16-б.) атты мақаламызда бұл мәселелерді арнайы сөз еткен едік. Аңыз бен тарихтың арасына теңдік белгісін қойған Р.Әлімбеков пен Ә.Қазақбаев зерттеп отырған тақырыптарына байланысты өзге материалдармен жете таныспапты. Сол себепті жазған мақалалары не проблемасы, не пікірсайысы жоқ, бұрыннан айтылып, жазылып келе жатқан мәселелерді қайта баяндаған эмпиристік дүние болып шыққан. Оны ғылым тілінде компиляция дейді.

Патшалық Ресей кезінде «Русское общество любителей археологии» деген сияқты үйірмелер болған. Қорқыт тақырыбына қалам тартушы әуесқойлар қазірде де бар. Олар Қорқыттың басына қойылған белгі мен аңыздарды бетке ұстап, оны өмірде болған адам санайды. Әрине, бұл ғылыми таным емес, эмпиризмнің көрінісі. Ондай авторлар мәселенің тереңіне сүңгіп, бізге келіп жеткен тарихи-генеалогиялық мәліметтерді саралаудың орнына ғылыми сілтемесі жоқ, ертегі дәрежесінде баяндалған мәліметтерге сүйеніп, Қорқытты тарихи тұлға ретінде танығысы келетінін көпшілікке паш етіп келеді.

Әуесқой қорқыттанушылардан бөлек Қорқыт тұлғасына қатысты белгілі фольклор мамандарының толымды пікірлері тағы бар. Бұл реттен Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов ізденістерін атауға болады. Ә.Марғұлан Қорқытты өмірде болған, кейінгі бақсылық дәстүрдің дамуына түрткі болған қобызшы ретінде бағалайды. Ә.Қоңыратбаев Қорқыт тұлғасын «Қорқыт ата кітабы» негізінде танып, оның оғыздардың ұлыұзаны – эпос айтушысы болғанын басты орынға шығарады. С.Қасқабасов пен Е.Тұрсынов болса Қорқытты өмірде болмаған миф санайды.

Осылайша Қорқыт тұлғасы төңірегінде өткен ғасырдың бас кезінде басталған пікірсайыс күні бүгінге дейін ғылыми шешімін таппай келеді. Осы бағытпен кете берер болсақ мәселенің түйіні жақын арада шешілмек емес. Қорқытқа арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар екі жыл сайын өтсе де, олардың дәрежесі биік болмады. Бір айтқанын бірнеше конференцияда қайталаған баяндамашыларды да көрдік.

Ғылыми-практикалық конференция біреудің мәртебесін көтеру емес, ғылыми ақиқатқа қызмет істеуі шарт. Әдетте ол арнайы мамандарды шақыра отырып талқылайтын мәселелер қордаланған кезде барып өткізіледі.

Бір ғана мысал. XX ғасырдың 60-жылдарындағы Рыбаков пен Пропп арасындағы ғылыми тартыстар осындай үлкен пікірсайыс тудырған еді. Оның нәтижелері ғылыми танымды ерекше есейтті. Сол негізде барып кезінде репрессияға ұшыраған КСРО халықтарының эпостық мұралары қайта оралған еді. Сондықтан конференцияның негізгі проблемасын анықтап алғанның маңызы зор. Ғылыми ортада өткен конференция танымды тереңдетуге қызмет істесе, жер-жерлердегі конференциялардың өздеріне қажет ойларды орнықтыруға қызмет істейтінін де көріп жүрміз. Бірақ оны ғылыми таным деп айта алмаймыз. Оның материалдары ғылыми оралымға да түспейді.

Қорқыт туралы бұрыннан жарық көріп келе жатқан эмпиристік мәліметтерді баяндауға келгенде көштің алдын бермедік. Дұрысында қазақ, әзербайжан, түрік елдеріне мәлім Қорқытты тарихи-генетикалық тәсіл аясында салыстыра зерттемейінше қорқыттану ғылымына жаңалық әкелу қиын. Әзірге мұндай өзекті мәселемен айналысып жатқан қорқыттану ғылыми орталықтары байқала бермейді.

НЫШАН МЕН ЫҚЫЛАС КҮЙЛЕРІ НЕГЕ ҚОРҚЫТҚА ТЕЛІНЕДІ?

Қорқыт тұсында айтылып, тіпті үлкен дауға айналып жүрген мәселенің бірі – күйшілігі. Алып-қосары болмаса да, бұл тақырыпқа араласпаған мамандар сирек. Олардың қатарында филолог-ғалымдар, журналистер, қобызшылар көбірек көзге түседі. Біреудің сойылын соғып жүргендей әсер қалдыратындар үшін Қорқыттың қобызға арнап күй шығарғаны – аксиома.

Сонда XX ғасырдың аяғына дейін мәлімсіз болып келген Қорқыттың қобызға арналған күйлері қайдан пайда болды? Қазақ даласын жаяу аралап, музыкалық мұрасын түгел хатқа түсірген А.В.Затаевичтің назарына Қорқыт күйлері неге ілікпеген? Ол Қызылорда төңірегінде көп жұмыс жасады емес пе? Бұрын қазақ даласына келген шетел, орыс ориенталистері Қорқыт күйлері туралы неге ауыз ашпаған? Қазақ музыка өнерінің іргетасын қалаған академик А.Жұбанов, музыкалық аспаптарды зерттеуші Б.Сарыбаевтан бастап кәнігі музыка зерттеушілері Қорқыт күйлерінің тым құрыса бір үлгісін неге жазып алмаған? XX ғасырдың соңына дейін ешбір түрік тілдес халықтарға мәлімсіз болып келіп, XXI ғасырда пайда болған бұл қандай күйшілік мұра?

Міне, ғылыми таным осы сауалдардың жауабын іздестіруден басталуға тиіс. Қорқытты қобызға арнап күй шығарған деп санайтындардың қатарында ғылым кандидаты Ғ.Тұяқбаев есімін атауға болады. Біздің еңбегімізді сыни тұрғыдан сараптаған автордың бұл мәселеге үн қосу ниетін, әрине, құптаймыз. Бірақ автор кейбір пікірлерімізге сын көзімен қараса да, бұрыннан мәлім жайттарды қайталаудан ұзап кете алмапты. Қорқыттың күй мұрасы болған деген қисынды дәлелдеу мақсатында ғылыми оралымға жаңа дереккөздер ендіріп,тосын теориялық түйіндер жасамағаны да өкінішті.

Бүгінде «күй» сөзінің семантикасын жыға танымай жатып «Қорқыттың күй мұрасы» деген күрделі мәселеге ешбір дайындықсыз араласатындар да көбейген. Ескі сарынға салып Қорқыт аңыздары арқылы оның күйлерін сөз етушілер талғамы зор оқырмандарына көкейге қонатындай ешнәрсе айта алмасы анық.

Күй – қоғам дамуының белгілі бір сатысында туған жанр. Ол – аспаптық музыка көрінісі. Адамзат баласының туа сала музыкалық аспапқа жармаспағаны белгілі. Әл-Фарабидің пікірінше ең жетілген аспап – адамның дауысы. Сонау ықылым замандардан бастап кешегі XIX ғасырға дейінгі аралықта қазақ даласында үстемдік етіп келген бағыт – жыраулық поэзия. А.Лордтың көрсетуінше жырды айтушы әрі оның шығарушысы, әрі орындаушысы. Ауызекі жолмен айтылатын шығарма орындау үшін емес, орындау барысында шығарылады. Ал ілкі дәуірлердегі тыңдаушылар үшін музыкалық сарыннан гөрі поэзиялық мәтіннің маңызы зор болғаны анық. Біздің әмбебап қорқыттанушыларымыздың осы мәселелерді зерттеген не А.Лорд, не Б.Путилов еңбектеріне тісі батар емес. Олардың жетістіктерін санамалаумен бірге кемшіліктерін де сөз ете алмай келеміз.

Аспаптық музыканың тууы поэзия мен музыканың бір-бірінен жіктелгенін аңғартады. Қазақ халқының музыкалық мәдениетінде аспаптық музыканың жеке-дара жанр ретінде қалыптасуы XIX ғасырмен тығыз байланысты. Фольклорлық сана аясында қалыптасқан бақсы Қорқытты қобыз аспабына арналған күйлерді шығарған автор ретінде тану – Асан Қайғы мен Доспамбеттерге роман, повест жаздырып қойғанмен пара-пар іс. Жеке үлгілері болса да аспаптық музыканың XIX ғасырда, ал қазақ прозасындағы роман, повест жанрларының XX ғасырда қалыптасқаны белгілі. Қорқыт шамамен IX-X ғасырларда өмір сүрді деген күннің өзінде аспаптық музыка қалыптасқан XIX ғасырға дейінгі он ғасырдың орны қаңырап бос тұрады. Оны қандай музыкалық дәстүрмен толтырмақпыз?

«Қорқыттың күй мұрасы» деген тіркестің байыбына бара бермейтін авторлар 1976 жылы Нышан Шәменұлынан жазылып алынған қобыз сарын-сарнауларын төтелей Қорқыттың күй мұрасына теліп жүр. Олар үшін бұл сарнаулардың аспаптық музыка емес, мистикалық мазмұндағы поэзиялық мәтінмен айтылатыны есеп емес. Бәлкім олар Нышан сарын-сарнауларын тыңдап та көрмеген. Музыкалық стиліне мән беріп, ноталық мәтінін талдап жатқан мамандар тағы жоқ. Соған қарамастан ғылыми дәлелден жұрдай «Қорқыт – күйші» деген жалаң пікірді жақтаушылар баршылық. Мұны бүгінгі қоғамның ғылыми танымнан қол үзе бастағаны деп қана түсінуге болар еді.

Бір қызығы, Нышанның сарын-сарнауларын Қорқыттың күй мұрасы санайтындар негізінен жерлестерім. Республикамыздың ірі қалаларындағы іргелі оқу орындарында еңбек етіп жүрген қылқобыз шеберлері соңғы отыз жылдың көлемінде үлкен сахналардан Нышан сарындарын Қорқыт күйлері ретінде орындаған емес. Себебі олар әлі күй дәрежесіне жетпеген, көркемдігі төмен, музыкалық сарын мен поэзиялық мәтіннің синкреттік тұтастығына құрылған бақсылық сарнаулар. Ол жерде қобызда ғана орындалатын таза күй жоқ. Осыны сан рет айтып, сарнауларды тыңдатсақ та сырбойылықтарды сендіре алмадық.

Республикамыздың белгілі қобызшылары бұл тақырыпты біршама қозғап келеді. Бірақ Қорқыттың күй мұрасы дегенде олар Нышаннан жазылып алынған музыкалық-поэзиялық сарнауларды емес, Ықылас Дүкенұлының күйлеріне қолқа салады. Сонда сырбойылықтар Қорқыттың күй мұрасы санап жүрген Нышан абыздан жазылып алынған сарын-сарнаулар қайда қалады? Оларды «Қорқыттың күй мұрасы табылды» деп жаһанға жар салып, тіпті ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізген жоқ па едік? Ертең халықаралық ғылыми қауымдастық «Қорқыттан жеткен күйлерің қане?» десе не демекпіз? Сарындардың музыкалық стилі мен тіліне қарап олардың қай дәуірдің мұрасы екенін бірден анықтап алады емес пе. Артық қыламыз деп жүргенде тыртық қылып алмасымызға кім кепіл? Мына парадоксты қараңыз: Қорқыттың күй мұрасы дегенде біздің сүйенетініміз Нышан сарнаулары болады да, ал сахнадан орындауға келгенде Ықыластың күйлері болып шығады. Бұл қалай? Бірді айтып, екіншісіне ойысуымыздың сыры неде? Осыған мән беріп жатқан мамандарды кездестіргенім жоқ.

Оның себебі біреу ғана. Нышан абыздан жазылып алынған сарындар Қорқыттың күй мұрасы ретінде насихаттауға жарамайды. Себебі олар күй емес, сарнаулар. Асылы You Tube жүйесінде «Нышан 1» және «Нышан 2» деген атаумен сақталып тұрған сарындардың түпнұсқасын тыңдап көргендер шамалы-ау. Нышан сарындарының Қорқытқа абырой әпермесін білген кәсіби қылқобызшылар Ықыластың «Қоңыр», «Қорқыт» деген күйлеріне жабысып, соларды Қорқыт бабамыздың күйлері ретінде насихаттай бастауының сыры осында. Мұның астарында Қорқытты қалайда күйші етіп шығару мақсатының жатқанын аңғару қиын емес.

Қазақ музыкасында қобыз бен сыбызғы күйлерін жеткізген өнер иелері көп емес. Әдетте Сармалай мен Ықылас есімдерін ғана аталады. Қобыз – бақсылардың құралы. Арғы жерде қобыздың сүйемелдеуімен сарын-сарнау айтқан бақсылар болса да, олардың тұсында аспаптық музыка қалыптаса қоймаған. Бақсы сарындары – фольклорлық, қобыз күйлері – кәсіби өнер көрінісі. Екеуі екі түрлі саты, екі түрлі даму белестері, екі түрлі стадиялық кезең. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет сияқты құбылыстар.

Қазақ фольклорындағы деректер бойынша Қорқыт – бақсы. Мұны М.Әуезов, әсіресе Ә.Марғұлан ерекше қуаттаған. Ал бақсы дегеніміз – синкреттік тұлға. Оның бойында әлі бір-бірінен даралана қоймаған ақындық, композиторлық, орындаушылық және бишілік өнер көрініс тапқан. Бірнеше өнер түрінің мұндай тұтастығы, сөз жоқ, фольклорлық кезеңге тән. Фольклор теориясынан хабары бар маман ел аузынан жазылып алынған көне шығармаларда автор деген ұғымның болмайтынын жақсы біледі. Басқаша айтқанда халықтығы, анонимдігі, авторсыздығы – фольклордың басты сипаты. Олай болса ерте замандарда фольклорлық сана аясында туған сарын-сарнаулардың авторын іздеу – бос әурешілік. Фольклорлық сана аясында туған Қорқыттың автор бола алмайтын себебі осында. Сондықтан оны көп кейін қалыптасқан күйшілік өнер өкілі ретінде танудың ғылыми негізі олқы.

ҚОЛҚОБЫЗ – ҮШ ІШЕКТІ ШЕРТПЕЛІ АСПАП

Әуесқой қорқыттанушылардың сүйенетін бір таянышы – қылқобыз. Олар Ә.Марғұлан келтірген «үйеңкінің түбінен үйіріп алған қобызым» деген жолдарды Қорқыт есімімен байланыстырып, түйесінің терісін қобызына шанақ еткен деген аңызды алға тартады. Бірақ аңыз бен тарихтың арасына теңдік белгісін қоюға болмайтынын жоғарыда айтып өттік. «Қобыз» сөзі мен қобыз аспабы ертеден белгілі. Ол Қорқыттың заманынан көп бұрын туып, әр халықта әртүрлі семантикаға ие болған. Мысалы, «Кітаби дадам Қорқыт ғали лисан тайфа оғузан» жазбасындағы Қорқыттың тартатыны – қолча қобыз (қолқобыз). Ол этнографиядан хабары аз кейбір суретшілеріміз салып жүрген екі ішекті ысқышты аспап емес, үш ішекті шертпелі аспап. Әзербайжан мәдениетінде әлі күнге қолданылады. Бұдан көретініміз: біз қарастырып отырған заманда Қорқыт тартты дейтін ысқышты музыкалық аспап әлі туа қоймаған.

«Қобыз» атауының көптеген түрік тектес халықтар мәдениетінде сақталғаны белгілі. Бір ғана қазақ музыкасындағы қобыз, қылқобыз, нарқобыз, месқобыз, желқобыз, жезқобыз, шаңқобыз атаулары әртүрлі аспаптарды аңғартады. Осыған қарағанда ертеде қобыз жалпы музыкалық аспап атауы болған тәрізді.

«Қобыз» атауы финно-угор, олармен іргелес, қоныстас елдердің музыкалық мәдениетінен де көрініс береді. Сол деректерді жинақтасақ музыкалық аспап атауларының мынадай тізбегі шығады: комуз (қырғыз), кыл кияк (қырғыз), хомыс (хакас), гопуз, гылгобыз (түрікмен), голча гобуз (азербайжан), кылысах (саха), кубыз (удмурт), купас (чуваш), ковыж (марий), кеуш (гагауз), копуз (хорват), кобоз (венгер), кобоз (румын), жәя кубыз (татар), каус (араб), коус (осетин), игил (тыва), икили (алтай), иә-ковыж (мари), кеманча (азербайжан), кемече (түрік), гиджак (өзбек).

Олай болса бүкіл түрік тектес халықтар мәдениетінен орын алған «қобыз» сөзін бір ғана Қорқыттың еншісіне байлап, Желмаясының терісіне тірегеніміз қалай болмақ? Әр халықтағы атаудың өз тарихы бар емес пе? Оның этимологиясы мен семантикасы да бөлек сөз етуді қажет етеді. Бұл тұста ескеретін мәселе – Қорқыт заманынан жеткен жазба ескерткіштерде «қылқобыз» аспабы туралы мәліметтердің кездеспеуі. Демек Қорқыттың заманы мен оның қолындағы музыкалық аспап – қобыз әртүрлі кезеңдерге тән құбылыстар. Түрлі диахрондық деңгейдегі мәліметтер фольклорлық үдеріс аясында біріктірілген.

ЫҚЫЛАС КҮЙЛЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН ҚИЯНАТ

Соңғы кездері авторлығы үлкен дауға айналған шығармалар – «Қорқыт» пен «Қоңыр». Осы кезге дейінгі басылымдар бойынша олардың авторы – Ықылас Дүкенұлы. 1964 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы дайындап, жарыққа шығарған «Қазақ халқының аспаптық музыкасы» атты жинаққа Ықылас туындылары ретінде енгізілген бұл шығармаларға қолқа салушылар күн санап артып келеді. Олардың музыкалық мақамы, үн-интонациясы, құбылмалы ладтық арқаулары, жалпы музыкалық тілі Ықылас шығармаларына толық сай келеді. Академик А.Жұбанов «Қоңыр» күйін Ықылас Дүкенұлының туындысы деп өте дұрыс көрсеткен.Ал бұл күйде бүгінде Қорқыттың сарыны деп тартып жүрген зарлы әуен жатыр. Дәл сол зарлы сарын «Қорқыт» күйінде де бар. Екі күйдің сарыны үндес, форма жағынан да ұқсастықтары байқалады. Бұл шығармаларды бақсы сарыны ретінде бағалауға мүлде келмейді. Олар кәсіби орындаушының қолынан шыққан, қазақ даласында аспаптық музыканың қалыптасуынан хабар беретін туындылар. Сонда музыкалық үн-әуені, құрылымы мен стилі жағынан ұқсас шығармаларды Ықыластан «тартып» алып, түбірі солқылдақ Қорқыт күйлеріне телудің қандай ғылыми негізі бар?

Енді мына көзге ұрып тұрған сорақылыққа назар салыңыз. Әдетте әуесқой қорқыттанушылар «Қорқыт күйлері қайсы?» дегенде Нышан абыздан жазылып алынған бақсылық сарын-сарнауларды алға тартып, Сыр бойында Қорқыттың күй тарту дәстүрінің сақталғанын айтады. Ал егемендік алған отыз жылдың ішінде Нышаннан жазылып алынған сарындардың бірі де үлкен сахнадан Қорқыт күйлері ретінде орындалған емес. Концерттік сахналардан, теледидардан беріліп, күйтабақтарға жазылып, Ықылас шығармалары ретінде орындалып келген «Қорқыт» пен «Қоңыр» күйлері қазірде құбылып, аракідік Қорқыт атынан насихатталып жүр. Аталған күйлердің төңірегінде туып жүрген даудың басты себебі осында.

Қорқыт – фольклор аясында жеткен кейіпкер. Оның тарихи тұлғасы әлі зерттелген де, анықталған да емес. Мұндай сөзді естіген, В.Радлов сөзімен айтқанда, кейбір «грамотейлер» (шаласауаттылар) «Тынысбек Қорқыт өмірде болмаған деген пікір айтады» деген ұшқары пікір сабақтауы әбден мүмкін. Ал шын мәнінде көзіқарақты оқырмандар Қорқыттың тарихи тегі туралы алғаш ғылыми пікірлер сабақтаған ғалымдар қатарынан профессор Әуелбек Қоңыратбаев пен профессор Тынысбек Қоңыратбайлардың есімдерін табары анық. Әңгіме мәселенің ғылыми шешіміне барып тіреледі.

Сөз соңында Қорқыттың әлі күнге тарихи тұлға немесе жинақталған фольклорлық бейне екені толық зерттеліп, дәлелденіп болмағанын тағы бір еске салғымыз бар. Бірақ бұдан «Қорқыт өмірде болмаған» деген тұжырым жасауға болмайды. Фольклорлық шығармалардың иесі болмайтыны сияқты фольклорлық дәстүр аясында қалыптасқан қобыз күйлерінің де авторы болуы мүмкін емес. Сарын мен күй музыкалық өнер дамуының екі түрлі кезеңі болса, жыр мен күй де, Қорқыт пен Ықылас та – екі заманның баласы.

«Қорқыт өмірде болған ба?» – деген сауалдың төңірегінде ортаға салайын деген кейбір ойларымыз осы еді.

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

БІЗ БІЛМЕЙТІН БЕСІКТӨБЕ

Тұрақты айдарымыз бойынша біз осы жолы киелі жерлерге тоқталып, олардың сырын ашуға тырыстық. Құрметті оқырман, Бесіктөбе, ондағы тылсым елестер, орын алған оқиғалар жайлы естуіңіз бар ма? Иә, Бесіктөбенің аты айтып тұрғандай, өз сыры, өз сиқыры бар. Сыры дегеніміз, төбе жайлы аңыз көп. Ал сиқырына сүйенсек, ол жерге барған әйелдердің көбі кейін нәрестелі болған. Яғни құрсақ көтере алмай жүрген нәзік жандарға аналық қуаныш сыйлайды. Міне, бұл да Тәңірдің бір сыйы.

Жалпы қазақ даласының әрбір төбесінің астында бүгіп жатқан бір құпия бар. Бағзы заманнан бергі кезеңнің шежіресіне айналған сол төбелер жайлы елдің ішінде айтылатын әфсана аз емес. Ертеден құймақұлақ қарттардың айтатын құнды әңгімесіне құлақ түріп үйренген біздің ұрпақ үшін өткен тарихқа ойша оралу тәрізді. Өкініштісі, біз көп жағдайда тек аңызға сүйеніп жатамыз, тасқа басылған дүние жоқтығынан кейбір жайларды ауызба-ауыз тараған әңгіменің желісімен пайымдаймыз. Көне заманнан көшпенді тіршіліктің қазанын қайнатқан қазақ халқы үшін дала пәлсапасы – орны бөлек дүние. Сондықтан атадан балаға аманатқа айналып, әлі күнге дейін жұрттың жадында сақталып келе жатқан сол бір әфсаналар сырына тереңірек үңілгіміз келеді...

ТӨБЕ БАСЫНДАҒЫ ЕЛЕСТЕР

Түркі жұртына ортақ ордамыз – Түркістан шаһарынан Отырар ауданына бет түзейтін тасжолдың бойымен Арыстанбаб кесенесіне жүріп келеміз. Түнгі уақыт... Ай жап-жарық. Бірақ айнала тым-тырыс деуге келмейді. Өйткені жол үстінде көліктер зулап жатыр. Алдымыздан бір төбе көрінді. Көлікте бірге келе жатқан жанымыздағы Марал есімді апамыз Бесіктөбе екенін айтып қалды. Әлгі төбеге түн болса да барғымыз келді.

– Көлікті тоқтатып, төбеге қарай барып қайтамыз ба?, – деді Марал апамыз. «Иә» деп келісе кеттік. Көлік жолдың жиегінде қалды. Біз жолдан төмен қарай түсіп, төбеге қарай бет алдық. Бірнеше адам келеміз. Жүретін жолымыз қараңғы болған соң ұялы телефонның жарығын қосқымыз келген еді. Оған Марал апамыз болмайтынын ескертті. «Айдың жарығымен жүреміз. Қасиетті төбеде жарық жағылмайды» деді.

– Қазір көздеріңе елес көрінсе, қорқып кетпеңдер. Бұл – белгі. Негізі бәріңе бірдей көріне бермейді. Төбенің аңыздан бөлек қасиеттілігі де осында, – деді Марал апа бізді таңғалдырып.

Бір кезде бесік тұрған төбеге қарай жақындай бергенде шынымен бала ерткен қарияның, бірнеше жылқының шауып келе жатқан бейнесі көзге көрінді. Одан баланың кішкентай даусы, қарияның түшкіргені секілді дыбыстар мен жылқының кісінегені құлаққа анық естілді. Осы уақытқа дейін мен елес дегенге сенбейтінмін. Әйткенмен соның куәсі болған соң сенуге тура келді. Басында қорқыныш болды, әрине. Бірақ бұл елестер төбенің тегін еместігін байқатты. Сәлден соң әлгі елестер де, дыбыстар да өзінен-өзі ғайып болды. Ал төбеге шыққан кездегі ауаны айтсаңызшы. Салқын самал есіп, ай жарығы төбеге түсіп, сонда жүрген әр адамды керемет күйге бөлегендей...

Жерді сипалап жүріп, қаншама адамның перзентті болуына септігі тиіп, қуаныш сыйлаған, құпияға толы бесікті де тауып алдық. Шағын бесік құмға көміліп қалған секілді. Бесік үстінде біршама тиындар жиналып қалыпты. Негізі бізден бұрын келгендер дұға етіп тастаған болса керек деген тұжырым жасадық.

АҒА АЙТҚАН АҢЫЗДАР

Күндіз осы жақпен тағы өтіп бара жатқан кезде төбеден төмен түсіп келе жатқан бір ағаны көріп қалдық. Жергілікті жердің азаматы екен. Сәл тоқтап, амандасып, әңгімеге тарттық. Өзінің білетінін бізге былай баяндады.

Бұл жерді Бесіктөбе деп атайды, – деді ол кісі әңгімесін бастап. Көнекөз ақсақалдардан естігеніміз аз емес. Әрине, оның әрқайсысы әртүрлі. Біреулер осы орында қаланың орны болған дейді. Жаугершілік заманда қас дұшпандар бесіктегі балаға дейін қырып салған көрінеді. Бос қалған бесіктерді көрген жұрт сосын Бесіктөбе атап кеткен деседі.

Осы әңгімесін айтқаннан кейін аз уақыт үнсіз қалған қария қайтадан әңгімесін сабақтай түсті. Біз де көкейге қонақтаған сауалдарды қойып жатырмыз.

– Аға, жаңа өзіңіз бұл атаудың шығуына басқа да себептер болуы мүмкін екенін айттыңыз. Енді соны тарқатып әңгімелеп бересіз бе?

Әңгіменің қызығы енді басталған секілді. Бізге ертеден жеткен әфсананы тыңдау үшін сәл кідіруге тура келді.

– Айта беріңіз, аға. Әңгімеңізді тыңдағымыз келіп тұр.

Осыдан кейін әлгі кісі бізге зер сала отырып, өзінің естіген әңгімесін одан әрі өрбітті.

– Ерте заманда осы маңда бір ерлі-зайыпты ғұмыр кешкен екен. Екеуі де тату-тәтті өмір сүрген екен. Өкініштісі, олар бір перзентке зар болыпты. Қанша жыл отасса да, шаңырақтың шаттығына айналатын сәби сүйе алмапты. Пәниден бақилыққа көшетін шақ туғанда ерлі-зайыптылар Жаратушыға жалбарынғанға ұқсайды. «Біздің перзент беруді тілеген тілегімізді бермедің. Енді екінші тілегімізді бер. Біз пәниде бірге өмір сүрдік. Бақиға да бір күнде аттансақ» деп. Жаратушы иеміз бұл тілектерін қабыл етіп, қос бейбақ бір күнде өмірден өткен екен. Артында қалған ағайын оларды бірге осы төбенің басына қояды. Кейіннен ауылдағы ел-жұрт шетінеген баланы осы төбеге қойып жүріпті. «Олардың көзі тірісінде перзенттері болмады. Енді мәңгілік мекендерінде жалғызсырамасын» деген ниетпен солардың қасына жерлеп келіпті. Қайсыбір заманда онда үш жүзге жуық бейіт пайда болған көрінеді. Уақыт өте келе сәби сүйгісі келген жұрт бұл орынды Алладан бала сұрап, келер мекенге айналдырып алған екен.

Әңгімешіл ағамыз бір сәтке тағы үнсіз қалды. Біз де ол кісінің үнсіздігін бұзғымыз келген жоқ. Бірер сәттен кейін қайтадан сөзін жалғаған ағамыз:

– Бұл жердің аталуында осындай сыр жатыр. Әрине, бәрі де бізге аңыз күйінде жеткен. Анық-қанығына уақыт төреші, – деді әңгімесін аяқтап.

Енді біз де көп бөгелуді жөн көрмей, алға жылжуға қам жасай бастадық. Ақсақалмен қоштасар сәтте тағы бір сауалды қойып үлгердік:

– Осы жерге перзент сұрап келген адамдардың тілегі қабыл болғанын көрдіңіз бе? Олардың арасында танитын кісілер болды ма?

– Мен Арыстанбаб кесенесінің арғы жағындағы Отырар ауданының орталығы – Шәуілдір ауылында тұрамын. Ес білгелі осы төбеге келіп, сәби сүйген адамдарды талай көрдім. Сондықтан да бұл орынды киелі жер деп санап, әрлі-берлі өткенде дұға жасап тұрамын, – деді ағамыз бізбен қоштасып.

Тағы бір мынадай аңыз бар. Кезінде бұл жерде интернат болған. Ондағы балалар қырылып, осы маңайға жерленген. Содан біраз жылдан бері сәби сүйе алмай жүрген бір келіншек осы жерге келіп, Алладан тілеп, жалбарына жыласа керек. Артынша әлгі жан ана атанады. Сөйтіп сәбилі болған соң төбенің басына «мен сияқты нәзік жандардың тілегі қабыл болсын, бала сүйсін» деген ниетпен бесік қойған екен. Сол бесіктен кейін бұл аймақ бесіктөбе аталып кетсе керек. Негізі аңыздар баршылық екенін байқадық. Бастысы, қасиетті мекен екенін сезіндік.

Ойымыздан Бесіктөбе жайлы айтылған әңгімелер кетер емес. Әрбір төбесі құпияға толы қазақ жерінің киелі екенін ұғынғандай болдық. Жалпы Отырар маңында көптеген көне шаһар орындары бар. Осы жерлерде Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Мардан-Құйық, Көк-Мардан және өзге де қалалардың орны қалған. Бәлкім, бұл төбе де беймәлім шаһардың орны шығар.

СӘБИЛІ БОЛДЫМ

Қазақ қашанда ырым-тиымға, наным-сенімге аса мән берген халық. Қандай жағдай болсын жақсылықтан үміттеніп, ісінің оңға басқанын тілейді. Әсіресе бір сәбидің иісіне зар болған аналардың әулиелерді жағалап, зиярат ететіні бар. Соның бірі – Түркістан қаласындағы Бесіктөбе деген киелі орын. Мұнда перзент сүйгісі келетін жандар тілек тілеп, дұға жасайды. Артынша сәбилі болып жатады. Осындай қуанышқа ие болған қала тұрғынын да табуға тырыстық. Үлкен бір әулеттің келіні Айнагүл Айбекқызы:

– Тұрмысқа шыққаныма он жылға жуық уақыт болды. Күйеуім екеуіміз бір-бірімізді қатты сыйлаймыз, жақсы көреміз. Бірақ арада бала болмады. Сонда да болса, отбасын сақтап қалуға тырыстық. Емнің бәрін жасадық. Нәтиже болмады. Сөйтіп жүргенде Бесіктөбе жайлы естіп, бар аңсарым сол жаққа ауып тұрды. Мені бір шақырып тұрғандай сезілді.

Жолдасым ондайға сене бермейді. Алайда соңғы сөзімді айтып, бірге баруға көндірдім. Білмеймін, шын ниеттеніп бардым. Сол киелі жердің төбесінде бесік тұрды. Жан-жағын құммен бекіткендей көрінді. Қаншама жылдан бері ескірсе де, жойылмаған оның расымен киелі екеніне көз жеткізгендей болдым. Дұғамызды жасап, барынша сәбилі болуымызды Алладан тілеп, әрмен қарай жол жүріп кеттік.

Сенесіз бе? Екі айдан соң өзімнің көтергенімді сездім. Сол кезде бірден бесіктөбенің құдіреттілігі ойыма келді. Осы күні қызым үш жаста. Жаратқанға қайта-қайта шүкірімізді айтып отырмыз, – дейді ол қуана. Әңгіме арасында бала сүйе алмай жүргендер сол жерге барса, себеп болып кетер деп бәріне айтып жүргенін де жеткізді.

Тілші түйіні:

Қазақ «бесіксіз үйде береке жоқ» деп бесікті баламен егіз санайды. Біз де Бесіктөбе жайлы әңгімемізді «әрбір үйдің төрінде бесік тұрсын тербеліп» деген тілекпен аяқтағымыз келді. Егер сәби сүйгіңіз келіп жүрсе, сіз де осы киелі жерге барып, Құран оқытып, дұға етіп көріңіз. Мүмкін, септігі тиер. Лайым, барша отбасы сәби бақытын сезінсінші дейміз.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

COVID-19:

Бір тәулікте 129 адам жазылды

30 тамыздағы ақпарат бойынша өңірде коронавирустық инфекцияныны жұқтырған 106 адам анықталған. Олардың 89-ында коронавирустың белгілері байқалса, қалған 17 науқас вирусты симптомсыз өткеруде.

Осы деректі қосқанда 2020 жылдан бері облыста коронавирус инфекциясы анықталғандар саны 15727 адамға жеткен. Олардың 12335-інен коронавирусты инфекция 2021 жылы анықталған.

Одан бөлек 30 тамызда өңірде 129 адам коронавирустан емделіп шыққан. Осылайша жалпы емделіп шыққандар саны 13181-ге жетті, яғни 84 процентті құрады. Ал коронавирус инфекциясы анықталған азаматтармен байланыста болғандар саны 38553-ке жеткен. Оның ішінде тікелей қарым-қатынас ретінде 35805 дерек тіркелсе, ықтимал қарым-қатынас деп 2748 дерек тіркелген.

Қазіргі таңда облыстағы инфекциялық стационарда жатқан науқастар саны 954 адамға жетіп, оның жүктемесі 43 процентті құрап отыр. Сондай-ақ жансақтау бөлімінде ем қабылдап жатқандар саны 71 науқасқа жетіп, реанимациялық төсек-орынның да жүктемесі 43 процент деп белгіленген.

29 тамызда өңірде барлығы 360 тұрғын коронавирусқа қарсы вакцинаның І компонентін салдырған. Ал екпе салу басталғалы вакцинаның алғашқы компонентін алғандар саны 259710 адамға жеткен. Оның 110972 адам Қызылорда қаласында болса, 148738 адам аудан тұрғындары. Соның ішінде Қызылорда қаласына бөлінген 134291 доза вакцинаның 82,6 проценті игерілген.

Сол күні вакцинаны 304 адам толықтай қабылдаған. Оның 158-і Қызылорда қаласынан болса, 146 адам аудан тұрғындары. 1 ақпан мен 29 тамыз аралығында вакциананың ІІ компонентінің аймаққа барлығы 259835 дозасы жеткізіліп, оның 207983 дозасы игерілген. Соның ішінде Қызылорда қаласында 89176 адам екпені толықтай қабылдаған.

«Ақмешіт-ақпарат»

"ДУДАР-АЙ" МӘРИЯМНЫҢ ӘНІ ЕМЕС

Тақырыпқа арқау болған осы бір әнді көбіміз жақсы білеміз. Бірақ бұл ән қалай шықты? Оның авторы кім? Осы сауалдарға келгенде тосылып жататынымыз тағы бар.

Жалпы «Дудар-айдың» үлкен махаббаттан, ғашықтықтан туған ән екені белгілі. Ол – көптеген өнер зерттеушілерінің назарына іліккен туынды. 1920 жылы Затаевич ел аузынан «Дудар-ай» әнінің бірнеше нұсқасын жазып алған. Тіпті бір нұсқасын Ғани Мұратбаев беріпті. Енді біреуін Әміре Қашаубаевтан алған. Мамандар бүгінде орындалып жүрген «Дудар-ай» әні осы әнші Әміре берген нұсқаға жақын екенін айтады. Бұл тақырыпты музыка зерттеушісі, композитор Ілия Жақанов пен жазушы, сыншы Бекділдә Алдамжар да қозғаған. Әсіресе Бегділдә ағамыз нотаға түскен музыкалық мәтінін талдап, интонация мен тембрдің қазақы нақышта өрбитінін, олардың байырғы әндерімізге тән екенін алға тартады.

Шынында, «Дудар-айдың» формасы, жасалу жолы мен тәсілі халық әндеріне ұқсайды. Тіпті онда әуез өрбіп, әуен өрістеп, музыкалық период белгілі шумақпен аяқталып қалмайды. Қайта керісінше, орындаушысына да, тыңдаушысына да ерекше қанат бітіретіндей әсер беріп, баяндау арқылы ары қарай жалғасады. Бір сөзбен айтқанда, эпос пен лиризм элементтері бір-бірімен байланысып, астасып жатыр. Ән орташа екпінмен «Мәриям Жагор деген орыс қызы» деп асықпай басталады. Сөз қадірін білген адам бұл жолды Дударға ғашық болған Мәриям емес, үшінші жақтан басқа бір автордың баяндап тұрғанын бірден ұғады. Содан кейін келетін: «Он алты-он жетіге келген кезі» деген екінші жолында да қыз жөнінде ақпар беріліп, алдыңғы ойымызды нақтылай түседі. «Дудар-айым дудым, бір сен үшін тудым, шіркін-ай, Дудар-айым дудым-ай» деп келетін шумақта қазақ жігітіне ғашық қыздың сезімі бейнеленіп, ішкі сыры көрініс табады. Әсіресе «Қор болып, бір жаманға кеткенімше, алдымнан қазулы көр табылсайшы» деген жолдардан Мәриямның сезімі шынайы екенін көруге болады.

Кеңестік кезеңде бұл әнді кейіпкерінің өзі шығарды деп жүрді. Сезімге толы эпос пен лиризм астасып жатқан «Дудар-айды» шынымен Мәриям шығарған ба? Жарайды, ғашық болды, сезімін өлеңмен өрбітіп әнмен жеткізді дегеннің өзінде қазақтың халық әніне тән иірімдерді бойға сіңірген мынадай туындыны 16-17-ге енді келген орыс қызы шығарды дегенге біздің көңіл сенбейді. Тіпті әннің шығу тарихына ғылыми баға берген, «Дудар-ай» операсын жазған атақты композитор Евгений Брусиловскийдің өзі осы пікірде болған. Ол «Дүйім дүлдүлдер» деген хикаясында «Бұл ән талассыз Арқа композиторларының біреуінің әні екеніне сенемін, өйткені ән табиғаты кең тынысқа, шалқар диапазонға құрылғаны өз-өзінен көрініп тұр. Ендеше, бұл әнді басқа ұлттың өкілінің шығаруы мүмкін емес» деп жазған. Бірақ кеңес заманында сол кездегі идеологияның ықпалымен мұны халықтар достығы деп дәріптеп, Мәриямды композитор етіп шығарды. Ол жайында поэма да, опера да жазылды.



Егемендікті еншілегеннен кейін талай шындықтың беті ашылды. Бұрын «Дудар-айды» Рыкина Мария Егоровна шығарды деп айтылса, енді оның нағыз авторы белгілі болды. Ол әншілік, серілік өнерімен аты шыққан Үлебай Әнетов екен. Бұл жайында Қазақ энциклопедиясында айтылады. Сонымен қатар республикалық «Айқын» газетінде Төреғали Тәшеновтің «Осы жұрт Үлебайды біле ме екен?» атты мақаласы басылды. Онда «Айқын» газетіне келген бірнеше хаттан мысал келтіріледі. Қорғалжын ауданының Өркендеу ауылынан хат жазған Рақымберген Қозыбағардың айтуынша, «Үлебай ақын 1966 жылы өмірден өткен. Оқымаған, хат танымаған жан болыпты. Ал Астана қаласының Көктал тұрғын алабының Жаңақоныс көшесінде тұратын жасы сексеннен асқан Сағындық Байұзақұлы деген ақсақал да Үлебайды білетінін жазған. Әннің тарихын білетіндердің айтуынша, Дүйсен деген әнші, домбырашы дударбас жігіт екеуі дос болған. Әндегі Дудар-ай осы Дүйсен. Екі дос сол аймақтағы ойын-сауықтың ажарын ашып, көркін қыздырған. Бір күні екеуін Садырбай деген жерге алтыбақанға шақырып, Ұялы ауылынан төтелей өтіп бара жатқанда, алдарынан шыққан 15-16 жастағы орыс қызына кез болады. Бұл Мәриям еді. Қызға екі замандастың да көңілі ауады. Екеуі ақылдаса келе қыз қайсысын таңдаса соған келіспекші болады. Сөйтіп қызға сөз салғанда ол Дүйсенді таңдайды. Дүйсен үйленейін десе, ағайындары қарсы болады. Бірақ табандылық танытқан Дүйсен Мәриямға үйленеді. Көп ұзамай Дүйсенді ағайындары ұрып-соғып алып кетеді. Осы арада екеуінің арасында хат тасушы Үлебай болған көрінеді. Ол екеуінің хатын да өлеңмен өріп жеткізеді. Міне, «Дудар-ай» әні осы кезде туады. Үлебай ол әнді ағайындары Дүйсенді екінші қайтара алып кеткенде Мәриямның атынан шығарған. Бұл әннің бар шындығы – осы. «Дудар-ай» – Үлебайдың туындысы. Бұған енді ешкімнің таласы бола қоймас.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4424 **Тапсырыс №1260**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ